

Шнарбекова М.К.

Ph.D, әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасының аға оқытушысы,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.,
e-mail: meruert.shnarbekova@kaznu.kz

ЖАСТАРДЫҢ БІЛІМДІК ЖӘНЕ КӘСІБИ СТРАТЕГИЯЛАРЫНА ОТБАСЫНЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ КАПИТАЛЫНЫҢ ЫҚПАЛЫ

Жоғары білім беру тақырыбы, әсіресе, жастардың білімдік және кәсіби стратегияларын зерттеу өзектілігі әлемдік деңгейде артуда. Бұл үрдіс, бір жағынан, көптеген елдерде жоғары білімді алу мүмкіншіліктерін кеңейту саясатының қарқынды жүзеге асырылуымен байланысты болса, екінші жағынан, қоғамның өзгеруінен туындаған заманауи талаптарға сай көптүрлі технологиялармен қатар жаңа мамандықтардың қалыптасуымен байланысты. Соңғы онжылдықта елімізде де көптеген өзгерістер орын алды: білім беру саласында стратификация күшеюде, қоғамда әлеуметтік топтардың дифференциациясы өзгеруде, еңбек нарығында кәсіби мамандарға деген сұраныс пен ұсыныс арасында сәйкессіздік байқалуда, жастардың ортасында жаппай жоғары білімді алуға ұмтылыстары қалыптасуда. Осы жағдайларда жастардың жоғары білімді және мамандықты таңдау стратегиялары да өзгеруде, отбасы рөлі, әсіресе, отбасылық ресурстардың, соның ішінде экономикалық құрамдас бөліктерінің ықпалы күшеюде. Мақалада білім беру саласы мен жастардың білімдік тәжірибелері арасындағы өзара байланыс тек дәстүрлі «макро» деңгейде емес, қазіргі заманғы зерттеулердің тәжірибесі негізінде «микро» деңгейде де зерттелінеді. Макро-деңгейлі зерттеулерде қоғамдағы әлеуметтік стратификация ерекшеліктерінің жастардың жоғары білімді таңдаудағы тәжірибелеріне әсері талданса, микро-деңгейлі зерттеулерде отбасының әлеуметтік-экономикалық капиталының жастардың білімдік және кәсіби стратегияларына ықпалы сараланады. Жастардың кәсіби таңдауын отбасының экономикалық капиталын ескере отырып зерттеудің халықаралық тәжірибесі ұсынылады.

Түйін сөздер: жастардың кәсіби стратегиялары, білімдік стратегиялар, экономикалық капитал, отбасының әлеуметтік-экономикалық жағдайы.

Shnarbekova M.K.

Ph.D, senior lecturer of the Department of Sociology and Social Work,
al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty, e-mail: meruert.shnarbekova@kaznu.kz

The Impact of Family Economic Capital on Educational and Professional Strategies of Youth

The study of practices in the field of higher education, in particular the educational and professional strategies of young people is becoming an actual topic of sociological research at the international level. This is due, on the one hand, to the policy of expanding the opportunities for higher education in many countries, on the other hand, to development of technology and formation of new specialties. In the last decade, there are many changes in our country too: stratification in higher education has intensified, the differentiation of social groups has changed, the “disturbing” disconnectedness of educational strategies and preferences of young people with the needs of the labor market has traced, a general desire for higher education has formed in the youth environment, the role family resources, including the economic component has strengthened. In the article the relationship between education and youth practices is analyzed both at the “macro” level and at the “micro” level. In macro-level the impact of social stratification on youth practices in higher education is studied, while at the micro-level the impact of social background on the educational and professional strategies of young people is analyzed. The experience of studying educational practices of youth taking into account economical capital of family.

Key words: professional strategies of youth, educational strategies, economic capital, socio-economic status of families.

Шнарбекова М.К.

Ph.D, старший преподаватель кафедры социологии и социальной работы,
Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы,
e-mail: meruert.shnarbekova@kaznu.kz

Влияние экономического капитала семьи на образовательные и профессиональные стратегии молодежи

Изучение практик в сфере высшего образования, в частности образовательных и профессиональных стратегий молодежи, становится актуальной темой социологических исследований на международном уровне. Это обусловлено, с одной стороны, проведением политики расширения возможностей получения высшего образования многими странами, с другой стороны, развитием технологий и формированием новых специальностей. В последнее десятилетие в нашей стране также происходят различные изменения в сфере высшего образования: усилилась стратификация, изменилась дифференциация социальных групп, прослеживается «тревожная» несвязанность образовательных стратегий и предпочтений молодежи с потребностями рынка труда, стремление к получению высшего образования характеризуется «массовостью», усиливается роль семейных ресурсов, в частности экономической составляющей. В статье особенности выбора высшего образования молодежью анализируются как на «макро» уровне, так и на «микро» уровне. В исследованиях макро-уровня изучается влияние социальной стратификации на практики молодежи в сфере высшего образования, тогда как на микро-уровне анализируется влияние социально-экономических характеристик семьи и родителей на образовательные и профессиональные стратегии молодежи. Представлен международный опыт исследования образовательных практик молодежи с учетом экономического капитала семьи.

Ключевые слова: профессиональные стратегии молодежи, образовательные стратегии, экономический капитал, социально-экономическое положение семьи.

Кіріспе

Жастардың өзіндік амбициялары, өмірлік ұстанымдары мен қызығушылықтары олардың білімдік және кәсіби стратегияларына әсер ететін маңызды факторлар болып табылады. Бұл факторлар, өз кезегінде, отбасы мен жақын әлеуметтік ортаның ықпалы негізінде қалыптасады. Отбасының экономикалық, мәдени және әлеуметтік капиталы мен онымен байланысты өзге де факторлар жастардың білімдік және кәсіби таңдау стратегияларына әсер етеді және кәсіби амбицияларының белгілі бір деңгейін қалыптастырады. Осы орайда, жастардың білімдік және кәсіби таңдау стратегияларының қалыптасуындағы отбасының ықпалын қарастыру қажеттілігі туындайды. Жастардың жоғары білімді таңдау стратегияларына объективті және субъективті отбасылық факторлар әсер етеді. Объективті факторларға отбасының әлеуметтік-экономикалық жағдайы, ата-ананың білім деңгейі, кәсіби іс-әрекеті жатады. Субъективті факторларды отбасының мәдени тәжірибелері, менталитет, ата-ананың көзқарастары, отбасы көлемі, балаларды тәрбиелеу этикасы, ата-ананың кәсіби эталоны, олардың өз балаларының «кәсіби дамуына» қатысты қалаулары мен амбициялары құрайды. Аталған факторлар

«отбасылық» құрылымды қалыптастырады және жастарды белгілі бір жоғары білім мен кәсіби траекторияны таңдауға тікелей немесе жанама түрде бағыттайды.

Отбасының әлеуметтік-экономикалық жағдайының жастардың жоғары білімді таңдау стратегияларына әсері көптеген зерттеулермен негізделген. Қалаулы жоғары білімді алу жолында кездесетін басты кедергілердің бірі – жоғары білімнің экономикалық қолжетімділігін айқындайтын – оқу ақысы. Осы мәнде жоғары білімнің экономикалық қолжетімділігін, бір жағынан, ақылы негізде оқу мүмкіншілігімен және екінші жағынан, мемлекеттік грантқа түсу үшін академиялық даярлығын жоғарылату мақсатында қосымша ақылы дайындық қызметтерін қолдану мүмкіншілігімен байланыстыруға болады (Шнарбекова, 2017: 62). Отбасылық табыс жоғары білімді алу мүмкіншілігіне тікелей және жанама түрде әсер етеді. Тікелей әсері бұл жоғарыда көрсетілгендей оқу ақысын төлеу мүмкіншілігімен айқындалады. Ал жанама әсері: біріншіден, өзге қалалық студенттердің жол-жүру, күнделікті өмір сүру шығындарымен, яғни баспана, тамақтану секілді шығындармен байланысты болады; екіншіден, жанама әсер ауқатты ата-аналардың өз балаларын тереңдетілген жеке мектептерде оқыту арқылы олардың

бойында жоғары бастапқы білімі капиталды қалыптастыру арқылы көрінеді. Бастапқы білімі капитал келешекте жастардың жоғары білімді таңдаудағы стратегияларына әсер етеді.

Негізгі бөлім

Отбасының экономикалық капиталының жастардың білімдік стратегиялары мен шешімдеріне ықпалы жоғары білімді таңдаудың үшсатылы моделі негізінде жүйеленді. Осы модельге сәйкес, бірінші кезең – ойлану, екінші кезең – ізденіс, үшінші кезең – таңдау жасау.

Ойлану кезеңі. С. Фукуяма кәсіби таңдауды экономика мен білім берудің өзара байланыстардың күрделі нәтижесі ретінде айқындайды (Фукуяма, 1989: 11). Табысы жоғары емес отбасыдан шыққан жастардың бойында сегізінші сыныпқа қарай жоғары емес білімдік ұмтылыстар қалыптаса бастайды және мектепті бітіргенге дейін сақталады. Мұндай ұмтылыстар мәліметтердің жеткіліксіздігімен, яғни университеттер мен мемлекеттік қаржылық қолдау бағдарламалары туралы ақпараттың жоқтығымен байланыстырылады. Осындай пікірді бастапқыда Hearn де ұстанған. Алайда, кейінгі зерттеулерінде ол «отбасылық табысы жоғары және отбасылық табысы төмен жастардың білімдік ұмтылыстарында айтарлықтай айырмашылықтар жоқ» деген қорытындыға келеді (Hearn, 2001).

Орта және жоғары тапқа жататын жастармен жүргізілген фокус-топтық талқылаудың негізінде Archer мен Hutchings жастардың жоғары білімге қатысты құндылықтық көзқарастары кейін олардың жоғары білімді таңдауына әсер ететінін айқындайды (Archer, 2000). Жоғары білімнің потенциалдық экономикалық артықшылықтарына қарамастан, төмен тапқа жататын жастар жоғары білімді тәуекел ретінде қарастырады, себебі жоғары білімді алу көптеген шығындарды қажет етеді, ал олардың қайтарымы белгісіз болып бағаланады. Жоғары білімді таңдау барысында төмен тапқа жататын жастар ресурстардың жеткіліксіздігімен қатар, психологиялық кедергілермен кездеседі. Табыс деңгейі жоғары емес отбасыдан шыққан және білімдік ұмтылыстары төмен жастар жоғары білімді алудың ең басты шығыны ретінде оқу барысында жұмыс істеуден уақытша, сәйкесінше, потенциалдық табыстардан бас тарту қажеттілігін айқындайды. Отбасының әл-ауқатын экономикалық капиталдың индикаторы ретінде қарастыра отырып, Ott (Ott, 2003) мынадай

қорытындыға келеді: материалдық молшылық (жоғары әл-ауқат) пен мәдени капитал (мәдени ресурстарға ие болу және мәдени іс-шараларға қатысу) академиялық үлгерімге оң әсер етеді және бұл әсер өзінің деректілігін әлеуметтік-экономикалық жағдайды (соның ішінде отбасылық табысты) талдағаннан кейін де сақтап қалады.

Ізденіс кезеңі. Зерттеушілер отбасылық табыстың төмен деңгейінің ықпалы жастардың жоғары білімді таңдау үрдісіне дейін де орын алу мүмкіндігін анықтайды. Бұл ықпал, әсіресе, жоғары оқу орнын таңдау барысында айқын көрінеді және жастардың таңдау диапазонын тарылтады. Табысы төмен отбасылардан шыққан жастар беделді жоғары оқу орындарына түсуді тіпті қарастырмайды (Lillis: 2008). Экономикалық капиталы жоғары емес жастарда ізденіс кезеңі пассивті түрді өтеді және басым жағдайда ақпарат көзі ретінде жақын әлеуметтік ортасы болады. Бұл бейресми мәліметтер мен субъективті пікірлердің негізінде таңдау жасауға әкелуі мүмкін.

Таңдау жасау кезеңі. Жоғары білімді таңдауға экономикалық капиталдың әсерін айқындауға бағытталған зерттеулер бойынша жастардың білімі таңдауы тек талпыныстардың деңгейінің көрсеткіші емес, ал экономикалық шынайылықтың нәтижесі ретінде анықталады. Жоғары білімді алу ұмтылыстарындағы айырмашылықтардың аздығына қарамастан жоғары оқу орнына түсу көрсеткіштері табысы жоғары емес отбасы жастарында төмен. Олардың ұмтылыстарының толық немесе мүлде жүзеге асырылмау жағдайлары жиірек кездеседі. Terenzini мен оның әріптестері (Terenzini, 2001) ұқсас білімдік ұмтылыстары бар, бірақ отбасылық табыс деңгейінде айырмашылықтар бар жастардың жоғары білім алу көрсеткіштерінің ерекшеленетінін айқындайды.

Отбасылық табыс – жастардың таңдауына әсер ететін ең шешуші академиялық емес фактор болып табылады. Мұндай тұжырымдама беделді университеттерде оқу ақысы өзге оқу орындарымен салыстырғанда жоғары болуымен негізделеді, сәйкесінше отбасылық табыс деңгейі ЖОО-ны таңдауға елеулі әсер етеді. Элиталық жоғары оқу орындарында білім алу кедергілері әлеуметтік сипатта емес, материалдық қиындықтармен байланысты болады. Осылайша, табысы төмен отбасыдан шыққан жастар өздерінің академиялық жетістіктері мен күтілімдеріне тәуелсіз беделді жоғары емес университеттерді таңдауға бейімдеу болады.

Отбасының әлеуметтік-экономикалық жағдайы контекстінде ең беделді жоғары оқу орындарына түсу қарқынын үш онжылдық бойы зерттеу негізінде Astin мен Oseguera мынадай тұжырымды алға тартады: «тіпті академиялық үлгерімі жоғары жастардың жоғары оқу орнын таңдау шешіміне отбасының әлеуметтік-экономикалық жағдайы әсер етеді және бұл тенденция қарқыны соңғы онжылдықта арта түсті (Astin, 2004). Paulsen және St. John жоғары білімді таңдау тәжірибелері табысы әр түрлі әлеуметтік топтар бойынша ерекшеленетінін айқындады. Отбасылық табысы төмен жастардың басым бөлігі белгілі бір жоғары оқу орнын оқу ақысының төмендігі немесе қаржылық қолдау бағдарламаларының болуына байланысты таңдайды (Paulsen, 2002). Осы зерттеу жоғары білім беру саласындағы жастар тәжірибелерін зерттеуге теориялық және эмпирикалық тұрғыдан елеулі үлес қосты. Теориялық контекстінде, Paulsen және St. John жастардың жоғары білімді таңдау үрдісінің кезеңдерін экономикалық аспектілерді ескере отырып тұжырымдайды және жоғары білімді таңдау тәжірибелері мен табандылықтың өзара байланысын айқындайды. Эмпирикалық контекстінде, алдыңғы зерттеулерге қарағанда, басты назарды бастапқы жиынтық қорытындыларына аударды және әр түрлі топтар бойынша жүргізілген талдау табыс деңгейі бойынша жоғары білімді таңдау тәжірибелерінің ерекшеліктерін түсінуге мүмкіндік берді. Бір зерттеу аясында әр түрлі әлеуметтік топтар бойынша талдау жүргізу әсер етудің топаралық ерекшеліктерін салыстыруға мүмкіндік береді.

Зерттеулер оқу ақысының жоғарылауын отбасылық табысы жоғары және отбасылық табысы төмен жастардың жоғары оқу орындарына түсу көрсеткіштерінің алшақтауына әсер ететін себептердің бірі ретінде айқындайды. Оқу ақысының жоғарылауы студенттер когортасында отбасылық табысы жоғары жастардың үлесінің жоғарылауына және отбасылық табысы төмен жастардың оқу ақысы төмен жоғары оқу орындарында шоғырлануына әсер етеді. Gladieux жоғары білімнің қолжетімділігіне негізделі отырып, жалпы студент жастар санының өсуіне қарамастан, әлеуметтік топ бойынша талдау нәтижелеріне сәйкес бұл өсу отбасылық табысы жоғары жастардың арасында байқалады», – деген тұжырымға келеді (Gladieux, 2004). Жоғары оқу орнын таңдау үрдісін зерттеу барысында зерттеушілердің ерекше назарында оқу ақысымен байланысты мәселелердің болуын ескере отырып, McDonough пен Calderone оқу

ақысының қолжетімділігінің әлеуметтік-мәдени концептуализациясын отбасылық табысы төмен жастардың оқу ақысын қабылдау ерекшеліктерін түсіну негізінде қалыптастыру маңыздылығын атап өтеді (McDonough, 2006). Оқу ақысының қолжетімділігінің экономикалық анықтамасымен салыстырғанда әлеуметтік-мәдени конструкциясы аясында қолжетімділік адамның жеке өзінің әлеуметтік-экономикалық жағдайы контекстінде оқу ақысын төлеудің өзіндік мүмкіншіліктерін бағалау ретінде қарастырылады.

Tierney мен Venegas бойынша жоғары білімді таңдау үрдісі кезінде жастар, сонымен қатар, потенциалдық қаржылық көмек алу мүмкіншіліктерін қарастырады. Жастардың қаржылық көмекті алу мүмкіндігін түсіну мен қажетті іс-әрекеттерді жасау туралы шешімді ұзақ уақыт бойы отбасы мүшелерімен, қатарластарымен және т.б. ақылдаса отырып қабылдайды (Tierney, 2007). Зерттеушілер білімі таңдауға отбасылық табыс деңгейінің жалпы әсерін айқындағанмен, олардың ғылыми көзқарастары бірнеше мәселелер бойынша ерекшеленеді. Бірінші айырмашылық отбасы табысының әсерін өлшеу мен зерттеу әдіснамасымен байланысты. Екіншіден, бір зерттеушілер отбасылық табыстың әсерін жоғары білімді алудың қаржылық барьерлерімен кездесу мүмкіншілігімен байланыстырса, өзге зерттеушілер отбасылық табыстың әсерін академиялық үлгерімнің айырмашылықтарымен байланыстырады. Бірінші мәселеге қатысты зерттеушілер жоғары білімді алу мүмкіндігіне жеке дара тек отбасылық табыстың әсерін зерттеу қиындықтарын айқындайды, себебі отбасының төмен табыс деңгейі жастардың жоғары білімді таңдауға әсер ететін басқа факторларға (мысалы, академиялық дайындық деңгейіне) әсер етіп қоюы мүмкін. Басқаша айтқанда, табыс деңгейі төмен отбасылардан шыққан жастар әуел бастан-ақ жоғары білімді алмаймыз деген шешімді қабылдап қояды, сол себепті жоғары оқу орындарына түсуге қажет академиялық дайындық талаптарына сәйкес келмейді. Осылайша, төмен отбасылық табыстың нәтижесінде қалыптасқан төмен академиялық үлгерім, өз кезегінде, жоғары білімді таңдау шешіміне әсер етеді. Екінші мәселеге қатысты, Ellwood пен Kane бойынша, отбасылық табыстың жоғары білімді таңдауға әсері үлгерімдегі айырмашылықтар арқылы жүзеге асырылады. Ellwood пен Kane пайымдауында (Ellwood, 2000), гранттық қаржыландыру бағдарламалардың болуына қарамастан, студенттер когортасында отбасылық табысы жоғары жастардың үлесі-

нің басым болуын гранттық қаржыландыру бағдарламалары туралы отбасылық табысы төмен жастардың ақпараттану деңгейінің төмендігімен түсіндіреді.

Самегон мен Heckman көзқарастарына сәйкес, жоғары білімді таңдау қысқа уақытылы шектеуліктермен емес, ал отбасылық шығу тегі мен академиялық дайындықты қамтитын ұзақ уақыт бойы жалғасатын жағдайлар негізінде айқындалады. Отбасылық табыстың әсерін зерттеуде оның академиялық үлгерімге әсері қарастырылады. Зерттеушілердің көзқарастарына сай отбасылық табыстың әсері төменгі сыныптарда айқын көрінеді. Belley мен Lochner, сонымен қатар, қысқа уақытылы кредиттік шектеуліктердің ықпалын айқындайды (Belley, 2007). Зерттеу қорытындыларына сүйенсек, отбасылық табыс негізінен академиялық үлгерімге әсер етеді және сонымен бірге академиялық дайындығы жоғары бірақ отбасылық табысы төмен жастар жоғары білімді таңдау үрдісінің соңғы кезеңінде кредиттік шектеуліктермен кездесуі мүмкін.

Әр түрлі эмпирикалық зерттеу қорытындыларына сәйкес экономикалық капиталы жоғары отбасыдан шыққан жастар үшін жоғары білімді таңдау үрдісі салыстырмалы түрде жеңіл өтеді. Отбасының әлеуметтік және экономикалық сипаттамалары жастардың білімі жоспарларында көрінеді. Экономикалық әл-ауқат жоғары болған сайын осы отбасының мүшесі болып табылатын жас адамның білімі және кәсіби амбициялары да жоғарылай береді. Отбасының әлеуметтік-экономикалық жағдайы жастардың жоғары білімді алу мүмкіншілігіне әсер етумен қатар, жоғары оқу орны мен мамандықты таңдау критерийлері мен соңғы шешімдерін айқындайды. Жастардың білімдік амбициялары олардың отбасылық әлеуметтік мұрасына сәйкес жіктеледі. Басқаша айтқанда, жоғары әлеуметтік тапқа жататын жастар өздерінің индивидуалдық мүдделері мен құндылықтарын қанағаттандыра алатын мамандықтарды таңдайды. Ал төмен тапқа жататын жастар табысы мен қауіпсіздігі жоғары мамандықтарға қызығушылық білдіреді. Өзге зерттеулердің нәтижелеріне талдау жасасақ, отбасылық әлеуметтік-экономикалық жағдайы жоғары жастар басқарушылық қызметтерге қызығушылық білдірсе, әлеуметтік-экономикалық жағдайы орта деңгейдегі жастар жұмыстың кәсіби тұрақтылығы мен өнімділігіне ерекше назар аударатынын байқаймыз. Әлеуметтік-экономикалық жағдайы төмен жастардың кәсіби қызығушылықтары болашақта жоғары табыс пен жұмыстың қауіпсіздігімен байланысты.

Жоғары оқу орындары мен колледжде оқитын қазақстандық жастардың отбасыларының әлеуметтік-экономикалық жағдайын салыстыру негізінде бірқатар ерекшеліктер айқындалды. Жұмысшы отбасыдан шыққан жастардың үлесі жоғары оқу орны студенттері когортасында салыстырмалы төмен. Осы мәселені динамикалық тұрғыда зерттей отырып, зерттеуші студенттер когортасында жұмысшы отбасы жастарының үлесінің кішкене төмендегенін сипаттайды: 2001 ж. (21,8%) және 2007 ж. (19%). Мұндай тенденцияны келесідей жағдайлармен байланыстыруға болады: 1) жоғары білімді алуға деген ұмтылыстың күшею фоннда оқу ақысының жоғарылауы; 2) оқу ақысының жоғарылау қарқыны мен әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан аз қамтылған тұрғындардың табыстарының көбею қарқынының алшақтығы; 3) арнайы орта білім алу ұмтылыстарының тек жұмысшы отбасы жастары арасында емес, сонымен қатар, әл-ауқаты жоғары отбасыдан шыққан жастар арасында артуы (Аксакалова, 2009: 114-115). Жалпы, оқу ақысы білім алу мүмкіндіктерінің теңдігін қамтамасыз ету қағидаларына қайшы келмейді. Келесідей шарттар орындалмаған кезде ғана оқу ақысы білім алу мүмкіндіктеріне кедергі келтіруі мүмкін (Аксакалова, 2009): университеттердің экономикалық мақсаттары білім беру мақсаттарына қарағанда басым бола бастағанда, халықтың көп бөлігі үшін оқу ақысы тым жоғары болғанда, мемлекеттік қаржыландыру негізінде оқу мүмкіндіктері болмаған кезде.

Отбасылық табыс деңгейінің жоғары сынып оқушыларының бейімділіктері мен қабілеттіліктеріне әсерін зерттеу негізінде Kassotakis «мәдени капитал деңгейі секілді отбасылық табыс деңгейі жоғары болған сайын орташа өнімділік те жоғары болады», – деген қорытындыға келеді (Kassotakis, 1979). Дегенмен, табыс ата-аналардың білім деңгейі мен кәсіби іс-әрекетімен тікелей байланысты. Жоғары академиялық үлгерім жоғары табыстың емес, жоғары мәдениет деңгейінің нәтижесі де болуы мүмкін. Отбасылық табыс деңгейі жоғары, ал мәдени капитал деңгейі салыстырмалы төмен болғанда қаржылық артықшылықтар оқушылардың жоғары үлгеріміне елеулі әсер етеді. Осындай жағдайларда ата-ананың жоғары табысы өз балаларына ақылы жеке сабақтарды ұйымдастыруға, кітаптармен қамтамасыз етуге, саяхаттарға шығуға мүмкіндік береді.

Статистика департаменті мамандарының пікірлеріне жүгінсек, жастардың жоғары академиялық көрсеткіштеріне, сәйкесінше олардың

кейінгі білімі және кәсіби жоспарларына отбасының жоғары табысы емес, ал ата-ананың мәдени деңгейі әсер етеді. Осылайша, мектептегі үлгерім деңгейіне әсер ететін маңызды факторға мәдени капиталды жатқызамыз, бірақ отбасы табысының да рөлі ерекше. Бұл мәселеге байланысты қарама-қайшы пікірлер қалыптасқан: бір зерттеулерде мәдени капитал әсерінің басымдығы айқындалса, екіншілерінде отбасылық табыс әсерінің басымдығы анықталады.

Мұғалім мамандығын таңдау мотивтерін зерделеу негізінде келесідей тұжырым қалыптасқан: «әлеуметтік-экономикалық жағдайы төмен болған сайын мектеп түлектері беделді емес деп қарастыратын мұғалім мамандығын таңдайды. Әлеуметтік-экономикалық жағдайы жоғары болған сайын мұғалім мамандығын таңдау туралы шешім кеш және сирек қабылданады. Мәселен, грециялық қоғам контекстінде жүргізілген зерттеулердің нәтижелеріне сүйенетін болсақ, грециялық мұғалімдер әлеуметтік-экономикалық жағдайы төмен отбасылардан шыққан. Себебі мұғалім мамандығы экономикалық жағдайы төмен отбасылар үшін «әлеуметтік өсу көпірі» ретінде айқындалады. Ал ата-анасы дәрігер, заңгер немесе инженер мамандығы бойынша жұмыс істейтін жастар үшін мұғалім мамандығын таңдау отбасы контекстінде мамандықтар иерархиясы бойынша төмендеу ретінде қарастырылады. Өзге елдерде жүргізілген зерттеулер де қызықты қорытындыларға келді. Венгрия мен Югославияда жүргізілген зерттеулердің қорытындыларына сәйкес, беделді кәсіби іс-әрекетпен айналысатын ата-аналардың балаларының жоғары оқу орнына түсу конкурсынан жинаған орташа баллдары жұмысшылардың балалары жинаған орташа баллдан жоғары болады. Кейбір ғалымдар отбасылық атмосфераның мектеп үлгеріміне әсерін отбасының қаржылық жағдайына қарағанда елеулі болуы мүмкіндігіне баса назар аударса, өзге ғалымдар отбасының төмен әлеуметтік-экономикалық жағдайы жастардың жоғары білімді таңдауын әр түрлі стереотиптер мен барьерлермен шектеуі мүмкіндігін сипаттайды. Жыныс пен ұлт секілді факторлар мұндай шектеуліктерді арттыруы мүмкін.

Скок мен оның әріптестері (Скок, 1996) отбасының әлеуметтік-экономикалық жағдайы бойынша америкалық мектептердің жоғары сынып оқушыларының кәсіби амбициялары мен күтілімдерін зерттеген. Мақсатты іріктеудің жартысын кедей аймақтарда тұратын афроамерикалық жоғары сынып оқушылары құрады, ал қалған жартысын жақсы аймақтарда тұратын

европалық-американдықтар құрады. Зерттеу қорытындылары жоғары сынып оқушыларының кәсіби амбициялары әлеуметтік тап пен ұлт бойынша ерекшеленетінін көрсетті. Жоғары сынып оқушыларының әлеуметтік шығу тегі – олардың таңдауы түскен мамандықтың әлеуметтік мәртебесінде көрініс табады. Әлеуметтік-экономикалық жағдайы жоғары отбасыдан шыққан ұлдар әлеуметтік-экономикалық жағдайы төмен отбасыдан шыққан ұл балаларға қарағанда өздерінің мүмкіншіліктерін және қабілеттіліктерін жоғары бағалайды. Әлеуметтік айырмашылықтардың ықпалы қыздардың академиялық жетістіктерінен гөрі кәсіби жоспарларында көрінеді.

Ата-аналардың кәсіби қызметінің сипаттамалары мен оқу факультетін таңдау арасындағы өзара корреляциялық байланыстар байқалады. Медицина, фармацевтика, архитектура және политехникалық институт студенттерінің когортасында жоғары әлеуметтік тапқа жататын жастардың үлесі жоғары, ал агрономия, теология факультеттерінде төмен тапқа жататын жастардың үлесі жоғары. Жоғары оқу орындары студенттер когортасын үлесін талдауға бағытталған зерттеу қорытындыларын атап өту қажет. Әр түрлі әлеуметтік тапқа жататын жастардың студенттік когортадағы үлесі келесідей: жоғары әлеуметтік тапқа жататын жастардың үлесі студенттердің 2/3, орта тапқа жататын жастар студенттердің 1/4, ал төмен тапқа жататын жастар студенттердің 1/12 бөлігін құрайды. Профессор Е. Weinert пайымдауынша: «төмен әлеуметтік тапқа жататын ата-аналар балаларының жоғары IQ деңгейіне қарамастан, жоғары білім алуға қажетті шарттарды жасай алмайды. Ал жоғары әлеуметтік тапқа жататын ата-аналар балаларының салыстырмалы жоғары емес IQ деңгейіне қарамастан, жоғары білім алуға қажетті барлық жағдайлармен қамтамасыз етеді» (Pyrgiotakis, 1986:154). IQ түсінігінің даулы болуына қарамастан мұндай тұжырымдаманың белгілі бір деңгейде маңыздылығы болуы мүмкін.

Жастардың жоғары білімді таңдау стратегияларына ықпал ететін академиялық үлгерім өз кезегінде жастардың әлеуметтік шығу тегінің әсерімен айқындалады. Жоғары білімді алу мүмкіндіктері экономикалық капиталға қарағанда мәдени капиталы жоғары отбасыдан шыққан жастарда жоғары болады, бірақ бұл жағдай көкжағалылар үшін тән емес. Осыған қарамақарсы пікірлер де бар. Мәселен, мамандық таңдауға әсер ететін ең маңызды факторлардың

бірі ата-ананың кәсіби іс-әрекеті мен «маңызды өзгелер», ал әлеуметтік-экономикалық жағдай елеулі әсер етпейді деген тұжырымдармен де кездесеміз.

Табыс деңгейі жоғары және табыс деңгейі төмен отбасылардан шыққан жастардың білімдік талпыныстарында аса айырмашылықтар болмайды. Осы мәнде жастардың білімдік талпыныстарының жүзеге асырылуын отбасылық табыс деңгейі бойынша талдау қажеттілігі туындайды. Әр түрлі әлеуметтік топтарға жататын жастардың ұқсас білімдік ұмтылыстарына қарамастан, табысы төмен отбасы жастарының білімдік ұмтылыстарының толықтай жүзеге асырылу мүмкіншіліктері табысы жоғары отбасыдан шыққан қатарластарымен салыстырғанда төмен болады. Осылайша, жоғары ұмтылыстар өздігінен қалаулы біліми таңдауды жасауға жеткіліксіз болып табылады. Табысы төмен отбасылардан шыққан жастардың жоғары біліми ұмтылыстары жоғары білімді таңдау үрдісіне оң әсер етеді, дегенмен, тек жоғары ұмтылыстардың болуы оларды жүзеге асыру үшін жеткілікті емес. Отбасылық табысы жоғары болып бағаланатын жастар үшін жоғары ұмтылыстар мен белгілі бір академиялық дайындық жеткілікті, отбасылық табысы төмен жастар жоғары ұмтылыстар мен академиялық дайындықпен қатар, қаржыландыруды қажет етеді.

Қорытынды

Отбасының әлеуметтік және экономикалық жағдайы жастардың кәсіби ұстанымдарына әсер етеді. Бұл әсер ата-ананың мәдени капиталымен және жастардың оқу үлгерімімен байланысты. Мұндай үрдіс әлемнің көптеген елдеріне тән. Зерттеушілердің басым бөлігі жоғары білім мен кәсіби траекторияны (факультет пен мамандықты) таңдауда отбасы факторларының маңызды рөлін айқындайды. Ата-аналардың әлеуметтік-экономикалық мәртебесі, білім деңгейі, мә-

дени капиталы жастардың біліми және кәсіби мақсаттары мен жоспарларына әсер етеді және әлеуметтік жағдаймен байланысты болады. Осыған байланысты, жастардың өсіп келе жатқан сұраныстарын ескере отырып, жалпы қоғамдық құрылымды, соның ішінде, білім беру жүйесін трансформациялау қажет: 1) жоғары білім беру жүйесінің барлық субъектілері (ата-аналар, студенттер, оқытушылар мен т.б.) жастардың біліми және кәсіби таңдауы мен оның болашақтағы еңбек нарығындағы жағдайына әлеуметтік және отбасылық факторларының әсері туралы білуі мен ақпараттануын қамтамасыз ететіндей білім беру жүйесі мен мұғалімдерді педагогикалық даярлауды трансформациялау қажет; 2) саликалық пен қатысушылық мәдениеті жергілікті қауымдастықтың мәдениет негізінде қалыптасуы қажет.

Танымал әлеуметтанушы Т. Парсонс пайымдауы бойынша, отбасылық әлеуметтік-экономикалық жағдайы жоғары және қабілетті жастардың жоғары оқу орнына түсу мүмкіндіктері әлеуметтік-экономикалық жағдайы мен қабілеттіліктер деңгейі төмен жастармен салыстырғанда жоғары болуын қалыпты жағдай ретінде айқындауға болады. Осы мәнде, отбасының әлеуметтік-экономикалық жағдайы мен өзіндік қабілеттіліктері сәйкес келмейтін топқа жататын жастарға ерекше мән беру қажет. Отбасының әлеуметтік жағдайы жоғары жастардың салыстырмалы жоғары емес қабілеттіліктері болғанда жағдай күрделенбейді, себебі мұндай әлеуметтік топ өкілдеріне төмендеу мобильділікке қарағанда жоғарылау мобильділік тән. Отбасылық әлеуметтік-экономикалық жағдайы жоғары, бірақ қабілеттіліктері төмен жастардың академиялық стандарттары мен талаптары жоғары емес оқу орындары мен колледж секілді қосымша резервтері болады. Осы жағдайды ескере отырып, отбасылық әлеуметтік-экономикалық жағдайы төмен, алайда академиялық қабілеттіліктері жоғары жастарға ерекше назар аудару керек.

Әдебиеттер

Аксакалова Г.А. Равенство образовательных возможностей как принцип формирования человеческого капитала в Казахстане. дис. ... канд. социол. наук: 22.00.04. – Алматы: Таразский государственный университет имени М.Х. Дулати, 2009. – 181 с.

Фукуяма С. Теоретические основы профессиональной ориентации / под ред. Жильцова Е.Н., Нечаева Н.Н. – М.: Изд-во МГУ, 1989. – 105 с.

Шнарбекова М.К., Абдирайымова Г.С. Молодежные практики в выборе высшего образования // Вестник КазНУ им. аль-Фараби, серия психологии и социологии. – 2017. – Vol.3. – №62. – С. 60-67.

- Archer L., Hutchings M. Bettering yourself? Discourses of risk, cost and benefit in ethnically diverse, young working-class non-participants' constructions of higher education // *British Journal of Sociology of Education*. – 2000. – Vol. 21. – №4. – P. 555-574.
- Astin A.W., Oseguera L. The declining “equity” of American higher education // *Review of Higher Education*. – 2004. – Vol. 27. – №3. – P. 321-342.
- Belley P., Lochner L. The changing role of family income and ability in determining educational achievement // *Journal of Human Capital*. – 2007. – Vol. 1. – №1. – P. 37-89.
- Cook T., Church M., Ajanaku S., Cohen, R. et al. The Development of occupational aspirations and expectations among Inner – City boys // *Child Development*. – 1996. – Vol. 67. – P. 3368-3385.
- Ellwood D., Kane T.J. Who is getting a college education? Family background and the growing gaps in enrollment / in S. Danziger & J. Waldfogel (Eds.), *Securing the future: Investing in children from birth to college*. – New York: Russell Sage Foundation, 2000. – P. 283–324.
- Gladieux L.E. Low-income students and the affordability of higher education / in R. D. Kahlenberg (ed.). *America's untapped resource: Low-income students in higher education*. – New York: The Century Foundation Press, 2004. – P. 17-42.
- Hearn J. C. Access to postsecondary education: Financing equity in an evolving context. In M. B. Paulsen & J. C. Smart (Eds.), *The finance of higher education: Theory, research, policy, and practice*. – New York: Agathon Press, 2001. – P. 439-460.
- Kassotakis M. The problem of school vocational guidance in Greece // *School and Life*. – 1979. – №9. – P.305-313.
- Lillis M. P., Tian, R. G. The impact of cost on college choice: Beyond the means of the economically disadvantaged // *Journal of College Admission*. – 2008. – Vol. 200. – P. 4-14.
- McDonough P.M., Calderone S. Meaning of money: Perceptual differences between college counselors and low-income families about college costs and financial aid // *American Behavioural Scientist*. – 2006. – Vol. 49. – №12. – P. 1703-1718.
- Orr A.J. Black-White differences in achievement: The importance of wealth // *Sociology of Education*. – 2003. – №76. – P. 281-304.
- Paulsen M.B., St. John E.P. Social class and college costs: Examining the financial nexus between college choice and persistence // *Journal of Higher Education*. – 2002. – Vol. 73, №2. – P. 189-236.
- Pyrgiotakis I. *Socialization and educational inequalities*. – Athens: Grigoris, 1986. – 190 p.
- Terenzini P.T., Cabrera A. F., & Bernal, E. M. *Swimming against the tide: The poor in American higher education*. – New York: College Entrance Examination Board, 2001. – 416 p.
- Tierney W. G., Venegas, K. *The cultural ecology of financial aid decision making*. – New York: AMS Press, 2007. – 25 p.

References

- Aksakalova G.A. (2009) Ravenstvo obrazovatelnyh vozmozhnostei kak princip formirovaniya chelovecheskogo kapitala v Kazakstane. [Educational possibilities equality as a factor maintaining human capital in Kazakhstan] diss.kand. social. nauk: 22.00.04. Almaty: TarGU imeni Dulati, 181 p.
- Archer L., Hutchings M. (2000) Bettering yourself? Discourses of risk, cost and benefit in ethnically diverse, young working-class non-participants' constructions of higher education // *British Journal of Sociology of Education*, Vol. 21, 4, pp. 555-574.
- Astin A.W., Oseguera L. (2004) The declining “equity” of American higher education // *Review of Higher Education*, Vol. 27, 3, pp. 321-342.
- Belley P., Lochner L. (2007) The changing role of family income and ability in determining educational achievement. *Journal of Human Capital*, Vol. 1, 1, pp. 37-89.
- Cook T., Church M., Ajanaku S., Cohen, R. et al. (1996) The Development of occupational aspirations and expectations among Inner – City boys. *Child Development*, vol. 67, pp. 3368-3385.
- Ellwood D., Kane T.J. (2000) Who is getting a college education? Family background and the growing gaps in enrollment. in S. Danziger & J. Waldfogel (Eds.), *Securing the future: Investing in children from birth to college*. – New York: Russell Sage Foundation, pp. 283–324.
- Fukuyama C. (1989) *Teoreticheskie osnovy professionalnoi orientatsii* [Theoretical basics of professional orientation]. pod redaksiei Zhilsova E.N., Nechaeva N.N., – M.: MGU, 105 p.
- Gladieux L.E. (2004) Low-income students and the affordability of higher education. in R. D. Kahlenberg (ed.). *America's untapped resource: Low-income students in higher education*. – New York: The Century Foundation Press, pp. 17-42.
- Hearn J. C. (2001) Access to postsecondary education: Financing equity in an evolving context. In M. B. Paulsen & J. C. Smart (Eds.), *The finance of higher education: Theory, research, policy, and practice*. – New York: Agathon Press, pp. 439-460.
- Kassotakis M. (1979) The problem of school vocational guidance in Greece. *School and Life*, 9, pp.305-313.
- Lillis M. P., Tian, R. G. (2008) The impact of cost on college choice: Beyond the means of the economically disadvantaged. *Journal of College Admission*, vol. 200, pp. 4-14.
- McDonough P.M., Calderone S. (2006) Meaning of money: Perceptual differences between college counselors and low-income families about college costs and financial aid. *American Behavioural Scientist*, Vol. 49, №12, pp. 1703-1718.
- Orr A.J. (2003) Black-White differences in achievement: The importance of wealth. *Sociology of Education*, 76, pp. 281-304.
- Paulsen M.B., St. John E.P. (2002) Social class and college costs: Examining the financial nexus between college choice and persistence. *Journal of Higher Education*, vol. 73, 2, pp. 189-236.
- Pyrgiotakis I. (1986) *Socialization and educational inequalities*. – Athens: Grigoris, 190 p.
- Shnarbekova M.K., Abdyrayymova G.S. (2017) Molodejnye praktiki v vybore vysshego obrazovaniya [Youth practices in choosing higher education]. *Vestnik Kaznu al-Farabi, seria psichologii i sociologii*, Vol.3, 62, pp. 60-67.
- Smart (Eds.), *The finance of higher education: Theory, research, policy, and practice*. – New York: Agathon Press, pp. 439-460.
- Terenzini P.T., Cabrera A. F., & Bernal, E. M. (2001) *Swimming against the tide: The poor in American higher education*. New York: College Entrance Examination Board, 416 p.
- Tierney W. G., Venegas, K. (2007) *The cultural ecology of financial aid decision making*. New York: AMS Press, 25 p.